

**Жеке тұрғын үй қорындағы және жалға берілетін үйлердегі тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі шығыстар жергілікті бюджетке жүктелетін азаматтардың санаттарын айқындау туралы**

Қостанай облысы Қостанай қалалық мәслихатының 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 297 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 маусымда № 9-1-149 тіркелді.

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 03.07.2021 № 34 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жеке тұрғын үй қорындағы және жалға берілетін үйлердегі тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі шығыстар жергілікті бюджетке жүктелетін азаматтардың мынадай санаттары айқындалсын:

- 1) мемлекеттік қызметшілер;
- 2) әскери қызметшілер;
- 3) бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері;
- 4) мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 03.07.2021 № 34 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, № 3 сайлау

округі бойынша депутаты

Б. Әбдірахманова

Қостанай қалалық мәслихаты

хатшысының міндетін атқарушы

Г. Уралова

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай қаласы әкімдігінің

қаржы бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Л. Кураева

"Қостанай қаласы әкімдігінің

экономика және бюджеттік

жоспарлау бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Н. Дорошок

Мәслихаттың  
2010 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 297 шешіміне қосымша

**Жеке тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны  
үшін жалдау ақысының шығыстары жергілікті бюджетке  
жүктелетін азаматтар санаты**

**Ескерту. Қосымша алып тасталды - Қостанай облысы Қостанай қаласы  
мәслихатының 03.07.2021 № 34 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін  
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК